

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
төрағалығымен өткен кеңестің
ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

№ 29

2023 жылғы 4 қыркүйек

Ғ.Б. Бейсембаев төрағалық етті

Қатысқандар : (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

Облыстардың, Астана, Алматы және
Шымкент қалаларының білім басқармасы басшыларының
2023-2024 оқу жылына дайындығы бойынша есебін тыңдау
туралы .

(Бейсембаев, Оспан, Абильмажинов, Жұмашев, Дәуенов)

1. Жаңа оқу жылына дайындық бойынша жүргізілген жұмыстар туралы облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының есебі назарға алынсын.

2. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары:

2.1. Мемлекет басшысының және Президент Әкімшілігі басшылығының тапсырмаларының сапалы және уақтылы орындалуын күшейтсін;

2.2. көмекке мұқтаж балаларды мемлекеттік қолдау шараларымен 100% қамтуды қамтамасыз етсін;

2.3. мектептерде ата-аналардан, педагогтерден әртүрлі мақсаттарға ақша қаражатын жинауға жол бермеу шараларын күшейтсін;

2.4. балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара қарым-қатынасын күшейтсін, сондай-ақ өңірдің әрбір мектебінде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын (Ата-аналар академиясы) құрсын;

2.5. мектептердегі интернет жылдамдығын арттыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын;

2.6. мектептерді білікті педагогтермен қамтамасыз ету мәселелерін уақтылы шешсін;

2.7. жылыту маусымына дайындық, сондай-ақ қазандықтарды мектеп ғимараттарынан шығару мәселесін үнемі бақылауда ұстасын;

2.8. бейнекамераларды жаңарту, бейнебақылау жүйелерін ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтарына шығару, білім беру ұйымдарын лицензияланған күзетпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты аяқтасын.

3. Орта білім беру комитеті (Қ.Б. Жұмашев):

3.1. ағымдағы жылдың 3 қазанына дейінгі мерзімде Атырау облысы мен Ұлытау облысы білім басқармаларының басшыларын облыстың білім беру жүйесін дамыту мәселелері бойынша тыңдауды ұйымдастырсын;


3.2. ағымдағы жылғы 4-8 қыркүйек аралығында Комитет төрағасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығын облыс мектептерінде орындау мәселесін зерделеу үшін Қарағанды облысына іссапарға барсын.

4. Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (Е.Н. Дәуенов):

4.1. проблемалық мәселелерді жан-жақты зерделеу және мониторинг жүргізу үшін Оқу-ағарту министрлігінің өкілдерінен тұратын жұмыс тобын ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін Түркістан облысына жіберсін.

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі Е.С. Оспанға жүктелсін.

Министр



Ғ. Бейсембаев

С
т. 1